

Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1997 жылғы 7 шілдедегі N 3590. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекеттік статистиканың сапасын арттыру мақсатында, оның экономиканы реформалау талаптарына, айрықша беймемлекеттік қаржылық емес құрылымдар, елдің төлем балансы, экономиканың аграрлық секторы, үй шаруашылықтары секторы, мемлекеттік меншікті есепке алу жай-күйінің нақты көрініс табуы бөлігінде сәйкессіздігін атап көрсете отырып:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Үкіметтің, орталық мемлекеттік органдардың, соның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты әрі есеп беретін ведомстволар өкілдерінің қатысуымен Мемлекеттік статистиканы жетілдіру жөніндегі ведомствоаралық кеңесті құрып, оның қызметі туралы Ережені бекітетін болсын.

2. Кеңестің негізгі міндеттері:

- мемлекеттік статистиканы жетілдіру процесіне ғылыми-әдістемелік б а с ш ы л ы қ т ы жү з е г е а с ы р у ;
- статистикалық есептіліктің жаңа әдістемелері мен нысандарын қарау;
- мемлекеттік статистиканы жетілдіруге байланысты іс-шаралар жоспарын әзірлеу болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті